

ӘОЖ 371

Өрида Мәжитқызы

Педагогикалық университетінің тарих кафедрасының оқытушысы, Құлжа, ҚХР

Құлжа қаласы таяу заман пәнний мектептерінің басқару түзімі

Аңдатпа. Бұл мақалада Құлжа қаласы таяу заман пәнний мектептерінің мектеп басқару түзімінің майданға келуі, бекемделуі және мектептің дамуының жан тамыры экономикалық келу қайнары жөніндегі көзқарастар реал пактілер арқылы зерттеледі.

Түйінді сөздер. Мәдени оқу-ағарту істері, дінний және пәнний мектеп.

Құлжа қаласы қазіргі ҚХР Іле қазақ автономия облысының орталығы, тарихта бұл өңір шинжиан көлемінде ең ерте мәдениет дамыған орын, Құлжа және де ең үлкен шегара қала, жібек жолының шығыстағы негізгі өткелі. Оның тарихтағы орны ерекше маңызды болып, сан жылдық тарих барысында барлыққа келген табысты нәтижелері оқу-ағартуда маңызды орынды ұстайды.

Құлжа қаласы – таяу заман тарихында барлыққа келген пәнний мектептер және жаңаша мектеп депте аталады. Мұның мәнісі бұрын бар болған медірсе негізінде құрылған. Бірақ сабақ мазмұны бұрынғы дінний сауат ашу, дін үйрену, құран жаттау сияқтылардан зор парықталған болып арнаулы ана тілі, тарих, математика, география қатарлы сабақтарды өтуді мақсат еткен батыс мәдениетінің әсерін қабылдаған ерте оянған зиялылар, халық жағынан құрылған мектепті көрсетеді.

Құлжа қаласы таяу заман тарихы болса ҚХР таяу заман тарихының бір бөлігі болып 1840-жылдан 1949 жылға дейін болған дәуірді көрсетеді. Бәрімізге мәлім болған дәуір ел тарихында шегара өңір дағыдарысы ең ауыр болған зұлымдық, бұлап-талау шектен асқан, жаһангерлік жаңа техника және оқу-ағарту даму мен тіпті де көтеген шикізат қажетін қанағаттандыру үшін елге үстемдік ете бастады. Сонымен экономикалық жақтан феодалдық жерге жеке меншік түзімін жолға қойылған, саяси жақта ұқық орталыққа шоғырланған феодалдық патшалық түзім жүргізген, мәдениет жақта тағылымшылдар идеясын негіз еткен, қоғамдық құрылымы жақта саяси мен үстемдік бірлестірілген дәреже түзімін жолға қойылған өз-өзіне қожа болатын тәуелсіз мемлекет, феодалдық томаға түйықтық, жаңалықты қабылдау сияқты

себептермен жартылай отар, жартылай феодал мемлекетке айналып қалды, осындай аласапыран жағыдайда, кейбір озық ойлы зиялылар отанды құтқару үшін, батыстың алға басар техникасын үйрену, жаңа мектептер салу, жаңа әскер құруы қатарлы батыстан үйрену идеясын ортаға қойып отанды құтқару жолын іздеді. Құлжада 19 ғасырдың 80-жылдары мұндай жағыдай тіптіде ауыр болды, бұл кездердегі дінний құрапаттық, надандық, феодалдық бұлап-талау елді басқан ауыр жүкке айналды. Осындай жағыдайда дүниенің басқа жерлерінде Еуропа елдерінде барлыққа келген түрлі жаңалықтар бірте-бірте шинжианға келді. Дәл осы мезгілде Құлжаның батыс-шығыс қатынасындағы негізгі орны орта азиядағы әр қайсы ел халықтарының сауда-саттық, мәдениет, көркемөнер жақтағы даму әсерін тезден құлжаға алып келді, осы негізде бір бөлім алға басар кісілермен ағартушылардан Мәнсүр қажы, Қасым қажы, Рашидын қатарлы кісілер 1840-жылдары Бұхара, Самархан, Орынбор қатарлы жерлерге барып Еворпада өріс алған өріс алған жаңалықтарды олар ортаға қойған жаңа мәдениет реформаларын үйренді және қайтып келгеннен кейін істі оқу-ағартуды дамытудан бастамақшы болды. Сонымен Құлжа қаласындағы жаңа мектептер арыт-артынан құрыла бастады.

Құлжа қаласы таяу заман пәнний мектептерінің тарихымен, мектептерді басқару түзімдерін төмендегідей алып барған деуге болады.

1. Дінний мектептерден пәнний мектептерді бірте-бірте айыру түзімі.

Жоғарыда айтылғандай жаңаша мектептердің құрылуы сол дәуірдегі феодалдық құрапаттық және дара билік идеялардың әсеріне және тосқындығына ұшырағандықтан аз санды ұстайтын жаңа идеяларға ие ағартушы кісілер

алдымен әсіліндегі дінний мектепте оқып жатқан оқушыларға, оқытушыларының қолдауымен пәнний сабақтарды ана-тілі, әдебиет қатарлы сабақтарды қосымша өткен. Мысалы; Бау удынбай Жәркентте оқып құлжаға қайтып келгеннен кейін « байтулла мектеп » те дінний сабақ үйреніп жатқан оқушыларға насыр әлем мырзанаң қолдауымен пәнний сабақтарды қосымша өтуге бастаған. 1875 жылы Байтулла мешітінің жанына төрт ауызды мектеп салдырып одан бұл мектепке арнаулы түрде ана-тілі, математика, сурет, дене-тәрбие, тарих қатарлы сабақтарды өткен.

1885 жылы «мектеп кестуя» деген атбен пәнний мектеп құрылған. Демек сол дәуірде таяу заман пәнний мектептерінің майданға келуі үшін негіз болған.

2. Класстарға бөліп басқару түзімі.

Пәнний мектептердің құрылуы және кемелденуі басқышында оқытушыларды қыласқа айырып басқару әрбір мектептерде алып барылған. Деседе бұл туралы айыру кейбір мектептерде балаларды жас шамасы бойынша айыру болып, мұндай болғанда қыз-ұл оқытушылар жас парқы бойынша айырылып аралас бір қыласста оқыған, ал бір бөлім мектептер болса қыздар мен ұлдарды айырып оқыту алып барған. Бұдан басқа бұл дәуірде ағартушы кісілер арнаулы түрде қыздар мектебін құрып қыздарды айырып пәнний сабақтарды өткен. Мәселен; 1911 жылы шырбай жағынан құрылған мектеп, мұның бір мысалы; бұл мектеп қыздар мектебі сондай-ақ Құлжа таяу заман тарихындағы тұңғыш қыздар мектебі еді. Бұл туралы түзім бәлкім дінний көзқарастан болған, қыз-ұлдар бірге оқыса болмайды деген құрапшылыққа берік түру үшін, ен маңыздысы жаңадан майданға келген кәсіптік оқу-ағартушының әлсіреп кетбеуі үшін, бұл арқылы жаңа мәдениетті дамытып, мәдениет арқылы ұлытты құдыреттендіріп, шапқыншы күштерге соққы беру үшін болса керек.

3. Оқытушы ұсыныс ету және тәрбиелеу тәртібі.

Құлжа қаласы таяу заман тарихында барлыққа келген пәнний мектептер түзімі негізінен Құлжа қаласындағы ағартушы және алға басар жекелер жағынан құрылған мектептер болып олар мектептердің дамуы үшін әрбір кәсіптер бойынша арнаулы оқытушы ұсыныс етіп кәсіптік оқытушыларға сүйене отырып мектептің оқу-оқыту істерінің дамуына кепілдік еткен, мысалы; 1905 жылы құрылған қызыл көпір мектебі 1910 жылы құрылған татар мектебі қатарлы білім ордасы сол дәуірдегі жоғары өрелі оқу

тарихына ие болған мұғалымдерден Халша Астай, Рашиде ханым, Ғазыр Аузы, Шаруана ханым қатарлылар ұсыныс етіліп сабақ берген. Сол дәуірдегі әрқайсы мектептерде оқытушы болған адамдардың барлығы Тәшкент педагогика университеті, Жәркент, Қазан қатарлы қалаларда оқыған. Одан басқа ағартушы кісілерден Баууднбай және мүсенбай қатарлы кісілер балаларын Германия, Түркия қатарлы жерлерге жіберіп оларды жаңа дәуірлік оқу-ағарту, тәлім-тәрбие алуға жол ашып қайтып келгеннен кейін сол дәуірдегі «ұйғыр көркемөнер мектебі» нің негізгі күштері болған. 1916 жылы өз қаражатымен Россия дан Абдулла Юбы, Мадифа Юбы қатарлы мұғалымдерды алмастырып әкеліп оқытушылыққа қабылдаған.

Құлжа қаласы таяу заман тарихында барлыққа келеген жаңаша мектептердің барлығында кемелді қыласстар болып, орындық үстелдер Европа үлгісінде жасалған болатын. Жаңаша мектептерде бұрынғыдай далада отырып сабақ оқыйтын ахуалдар шешілді. Осындай жақсы оқу ортасында балалардың таза ретті болуына ерекше талап қойылған. Оқытушылардың қарапайым болуы үшін және олардың салауатын білдіру үшін мектеп формасын кию талап етілген, мәселен; «Айхан мектеп» оқытушы балаларға ақ көйлек, балағына ақ жолақ басылған көк сым кигізетін. Бұл киім олардың бірден-бір белгісі болып олар мектепке барып келу барысында бір қарап ақ «Айханның балалары» деп таныуға болатын. 1936 жылы Құлжа қаласындағы Ноуыгорт ауылында барлыққа келген қабылеті жоғары болған жаңа заман мектебі Іле гимназиясы да ұқсас мектеп форма киімін кию түзімін жолға қойған болып оқушы-оқытушылардың форма киімі ерекше ретті болған. Мектеп форма киімінің жалпыласуы жерлік халықтың халықтың қарапайымдылықты сүйетін жақсы ұлттық ғұрып-әдеті мен шетел жаңаша оқу-ағартушының тарқалып кіргендігінің әсерінен бірігуінен болса керек. 1927 жылдағы апрель өзгерісінен кейін Құлжаның кәсіптік оқу-ағартуы ілгерлей даму орайына ие болды және тармақ саясаттың жәриалануы Совет одағынан әртүрлі газет-журналдардың көптеп шығарылуы мен 1933 жылы Іле аймақтық мәдени оқу-ағарту орны құрылып бүкіл Құлжадағы мектептердің оқу-оқыту істерін басқаратын орынға айналды. Құлжа қаласы таяу заман тарихындағы пәнний мектептердің майданға келу тарихынан қарағанда жоғарғы мектептердің барлығы негізінен Құлжа қаласын негіз етіп ағартушы саудагерлер, алға басар жекелер жағынан құ-

рылғандығын көре аламыз. Мектептердің құрылуы, жалпыласуы, кемелденуі және дамуы үшін мектептердің барлық экономикалық жүгін үстіге алған және қазіргі заман оқу-ағартуының негізін қалаған деуімізге болады.

Сол мезгілде мектептер құрылысын жөндеу, жатын орын қаражаттарын және оқытушылардың жалақысын үкімет бере алмайды. Сондықтан әр ұлыт байларға алға басар кісілерге, ата-аналар комитетінің көмегіне сүйенетін. Әдетте халықтан жиналған көмек қаражатының 70% мәдениет оқу-ағарту қаражаты және оқытушылардың жалақысы үшін істетілетін. 30% аймақтық мәдени оқу-ағарту бөлімінің үлестіріп істеуіне беріледі. 1936 жылы өлкелік үкіметте «клас саны алтыдан, оқытушы саны оннан асқан мектептерді оқу-ағарту орнына өткізіп беру, қаражатына үкімет ие болу» хабары келді. Өлшемге толы «Іле мектебі», «Айранбақ мектебі», «Доғалы мектебі» қатарлы 13 мектеп үкімет басқаруына өтеді. Клас саны бестен аспаған мектептер және де әуелгі басқару бойынша қала береді. Үш аймақ төңкерісі кезінде бұл мектептер жанданды мәдени оқу-ағарту істері қайта гүлденді. Бұл кездегі мектептердің барлық тәлім-тәрбие оқу-оқыту әдістемелері Совет одағының оқу-ағарту түзіміне ұқсас алып барылған, мектеп және оқытушылардың саны күннен-күнге көбейген.

В данной статье на основе реальных фактов исследуется развитие и становление школ в г. Кульдже, способы управления, развитие и укрепление экономики на протяжении многих лет. Достижения этих школ являются свидетельством большой проделанной работы.

In this paper, investing the history of school rules and curriculums and its economical backgrounds are widely investigated with facts, and its success for many years as wele as the historical importance are also described.

Құлжа қаласы таяу заман тарихындағы пәнний мектептердің құрылуы жапалыды машақатты бір тарих болып, бұл мектептердің мектеп басқару түзімдері бізге мәдениет оқу-ағарту істерімізді дамытуда қымбатты тәжірибе сабақтарды қалдырып кеткен. Таяу заман ағартушылардың жапаға шыдамды, білімге құмар, шапқыншылыққа қарсы тұратын рухы ұрпақтарға мәңгілік мұра болды.

Құлжа қаласы таяу заман пәнний пәнний оқу-ағарту қысқаша тарихынан ағартушы, алғабасар ата-бабаларымыз ертеден-ақ «ұрпақ отанның болашағы, ұлттың үміті. Бір ұлыттың дәуірден-дәуірге дамып гүлденуі, яғни жойылыуы сол ұлыт ұрпақтарының қандай тәрбиеге ие болғандағына байланысты» екендігін терең сезінген. Сондықтан барлығын ұлытқа және ұлыттың ағарту істеріне және болашақ иелері болған кейінгі ұрпақтарға арнайды.

Әдебиеттер

- 1 Әбдолла Тәліп. Оқу-ағарту тарихы жөніндегі деректер.
- 2 Чян Шунлүн. Іле тарихы және мәдениеті.
- 3 Чын Хуи Шин. Шинжияң минго кезіндегі тарихы.
- 4 Ыбрайым Алыптегін. Усаня рухы-тақыламандағы ояну.